«Эксимбанк» АҚ- тың Павлодар қ. филиалы БСК ЕХКАКЗКА	Павлодар қ., Кривенко көш., 27	ЖСК (KZT) KZ459420222170000014
«Эксимбанк» АҚ- тың Павлодар қ. филиалы БСК ЕХКАКЗКА	Павлодар қ., Кривенко көш., 27	ЖСК (KZT) KZ189420222170000015
«ЦЕСНАБАНК» АҚ ПФ БСК TSESKZKA	Павлодар қ., Ак. Сәтбаев көш., 154	ЖСК (KZT) KZ98998FTB0000068435
«ЦЕСНАБАНК» АҚ ПФ БСК TSESKZKA	Павлодар қ., Ак. Сәтбаев көш., 154	ЖСК (USD) KZ71998FTB0000068436
«ЦЕСНАБАНК» АҚ ПФ БСК TSESKZKA	Павлодар қ., Ак. Сәтбаев көш., 154	ЖСК (KZT) KZ24998FDB0000251860
«ЦЕСНАБАНК» АҚ ПФ БСК TSESKZKA	Павлодар қ., Ак. Сәтбаев көш., 154	ЖСК (USD) KZ46998FDB0000242831
«Исламкий банк «Al Hilal» АҚ, БСК HLALKZKZ	Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 77/7	ЖСК (KZT) KZ792460000000001125
«Исламский банк «Al Hilal» АҚ, БСК	Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 77/7	ЖСК (USD) KZ522460000000001126

HLALKZKZ		
Altyn Bank АҚ, БСК АТЫНКЗКА	Алматы қ., Достық даңғ., 43	ЖСК (KZT) KZ059490001126796001
«Сбербанк России» АҚ ЕББСК SABRKZKA	Павлодар қ., Лермонтов көш., 53/1	ЖСК (KZT) KZ91914398414BC01588
«Сбербанк России» АҚ ЕБ БСК SABRKZKA	Павлодар қ., Лермонтов көш., 53/1	ЖСК (RUB) KZ32914072203RU000CF
"Казкоммерцбанк" АҚ, БСК KZKOKZKX	Павлодар қ., Ак. Бектұров көш., 103	ЖСК (KZT) KZ449260501121752007

#### **7. Эмитент қызметінің түрлері.**

Эмитент қызметінің негізгі түрлері:

- Жылу және электр энергиясын өндіру, тасымалдау және өткізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа қызмет түрлері.

#### **8. Егер Эмитент қаржы агенттігі болып табылса, мынадай мәлімет көрсетіледі:**

Эмитент қаржы агенттігі емес.

#### **9. Халықаралық рейтингтік агенттіктердің және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктерінің Эмитентке немесе олардың шығарған бағалы қағаздарына берген рейтингтерінің болуы туралы мәлімет.**

Халықаралық рейтингтік агенттіктердің және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктерінің Қоғамның Эмитентке немесе олардың шығарған бағалы қағаздарына берген рейтингтері жоқ.

#### **10. Эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күні, тұрған жері мен почталық мекенжайлары.**

Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

#### **11. Эмитенттің соңғы аяқталған қаржылық үш жыл ішіндегі, олардың тиісті алқаларға (қауымдастықтарға палаталарға) қатыстылығы көрсетілген қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асырушы) аудиторлық ұйымның толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, бар болса – әкесінің аты).**

2013, 2014, 2015 жылдардағы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитін «Делойт» ЖШС аудиторлық компаниясы жүргізді, Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметпен айналысуға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2006 жылғы 13 қыркүйекте берген мемлекеттік лицензия №0000015, түрі МФЮ-2. Есепті бекіткен «Делойт» ЖШС Бас директоры Бекенов Нұрлан, тапсырма бойынша серіктес – білікті аудитор Дәулет Қуатбеков, біліктілік куәлігі 2002 жылғы 15 ақпандағы №0000523. 2013 және 2014 жылдардағы аудитті «Делойт» ЖШС аудиторлық компаниясының атынан тәуелсіз аудитор жүргізді.

«Делойт» ЖШС «Қазақстан Республикасы аудиторларының палатасы» Кәсіби аудиторлық ұйымның, Қазақстанның салық төлеушілері қауымдастығының, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының, Қазақстандағы Америка сауда палатасының және Қазақстан Еуропалық бизнес Қауымдастығының мүшесі болып табылады.

**Уәкілетті органға Аңдатпаны ұсынудың алдындағы үш жыл бойы тиісті қызметтерді көрсетуге шарттар жасалған заң және қаржы мәселелері жөніндегі консультанттардың толық ресми атауы, олардың тиісті алқаларға (қауымдастықтарға, палаталарға) қатыстылығын көрсету:**

<b>Қызметті жеткізушінің атауы</b>	<b>Мазмұны</b>	<b>Шарт №, күні</b>	<b>Қатыстылығы</b>
«Юридическое агентство «Коргау» ЖШС, Павлодар қ.	Заң қызметтерін көрсету	22.01.2016 ж. №12746.09	Тиісті алқаларға (қауымдастықтарға палаталарға) қатыстылығы жоқ
«Инвестиционный Дом «Астана-Инвест» АҚ, Алматы қ.	Андеррайтингтік қызметтерді көрсету	23.05.2016 ж. № 07/001-16	Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, Активтерді басқарушылар қауымдастығы

Жоғарыда аталған заңды тұлғалармен жасалған шарттар бұзылған жоқ.

## **12. Эмитенттің корпоративтік басқару кодексін қабылдаған күні (егер оны қабылдау Қоғам жарғысымен көзделген жағдайда)**

Корпоративтік басқару кодексі акционерлердің 2006 жылғы 27 қыркүйектегі жылдық жалпы жиналысының шешімімен бекітілді.

## **2. Эмитенттің органдары**

### **13. Эмитент органдарының құрылымы.**

Қоғамның жарғысына, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Эмитенттің ішкі құжаттарына сәйкес Эмитенттің басқару органдары мыналар:

- Жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- Басқару органы – Директорлар кеңесі;
- Жеке-дара атқарушы орган – Бас директор.

### **Акционерлердің (бірден-бір акционердің) айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:**

- Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
- Қоғамды ерікті қайта құру немесе тарату;
- Қоғамның жарияланған акцияларын өзгерту туралы шешім қабылдау;
- Есептеу комиссиясының сандық құрамын және өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату;
- Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшері мен төлеу шарттарын белгілеу;
- Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- Жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- Қаржылық есептік жылдың ішіндегі Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденділерді төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту;
- Эмитенттің Жарғысымен көзделген жағдайлар басталғанда, Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденділерді төлеу туралы шешім қабылдау;
- Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомада активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау;

- Қоғамның ірі мәмілелерді жасау туралы және оларды жасауға Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешімдерді бекіту;
- Нәтижесінде Қоғамның меншік капиталының мөлшерінің жиырыма бес және одан көп пайызын құрайтын сомаға Қоғамның міндеттемелерін ұлғайту туралы шешім қабылдау;
- Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның хабарландыру нысанын анықтауы және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдауы;
- «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын анықтау әдістемесін бекіту;
- Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- Қоғамның қызметі туралы акционерлерге ақпарат ұсынудың тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп Қоғамның Жарғысымен белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралдарын белгілеу;
- «Алтын акцияны» енгізу және жою;
- Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- Қоғамның іс-әрекетіне акционерлердің және оның лауазымды тұлғаларының өтініштері мен оларды қараудың қорытындылары туралы мәселелерді қарау;
- Олар бойынша шешімдерді қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер.

**Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:**

- Қоғам қызметінің басымды бағыттарын айқындау;
- Акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- Қоғамның акцияларын орналастыру туралы және жарияланған акциялар санының шегінде оларды орналастырудың бағасы туралы шешім қабылдау;
- Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау;
- Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- Есепті қаржылық жыл ішінде төленетін дивиденділерді қоспағанда, жай акциялар бойынша дивиденділердің төлемі туралы шешім қабылдау және бір жай акцияға дивидендінің мөлшерін белгілеу;
- Қоғамның облигацияларды және туынды бағалы қағаздарды шығарудың шарттарын айқындау;
- Бас директорды сайлау және оның өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату;
- Атқарушы орган басшысының (атқарушы органның функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның) лауазымдық жалақы мөлшері мен еңбекақысын төлеу шарттарын және сыйақы мөлшерін белгілеу;
- Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін және ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбек ақысын төлеу және сыйақы беру шарттарын белгілеу;
- Бағалаушының және аудиторлық ұйымның қызмет көрсетулер төлемінің мөлшерін белгілеу;
- Қоғамның резервтік капиталын пайдаланудың тәртібін белгілеу;
- Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы органмен қабылданатын құжаттарды қоспағанда);
- Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- Қоғамның басқа ұйымдарды құруға және қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау;

- Қоғамның меншікті капиталының он немесе одан көп пайызын құрайтын шамаға Қоғам міндеттемелерін көбейту;
- Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпиясын құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- Ірі мәмілелер және Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
- Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзырына жатпайтын басқа мәселелер.

#### **Қоғамның Бас директорының өкілеттіктері:**

- Акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- Үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- Үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғамның мүддесін ұсынуға сенімхаттар береді;
- Қоғамның қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және босатуды жүзеге асырады, оларға ынталандыру шаралары мен тәртіптік өндіріп алуларды қолданады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақы мөлшерін және жалақысына дербес үстемақы мөлшерін белгілейді; Қоғамның ішкі аудитінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің сыйақы мөлшерін белгілейді;
- Қоғамның қызметіне қатысты Қоғамның ішкі құжаттарын бекітеді;
- Заңнамамен және Жарғымен белгіленген тәртіпте Қоғамның мүлкіне және құралдарына иелік етеді;
- Өз құзыретінің шегінде Қоғам қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болып табылатын бұйрықтар мен өкімдерді қабылдайды;
- Қоғамның Жарғысымен, Акционерлердің (Бірден-бір акционердің) жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерімен айқындалған басқа функцияларды жүзеге асырады.

#### **14. Эмитенттің Директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) мүшелері.**

<b>Директорлар кеңесінің төрағасы</b>	<b>Әмірханов Еркін Адамияұлы (1967 жылы туған)</b>
Жұмыс орны / Лауазымды орны	Кезең
"ПАВЛОДАРЭНЕРГО" АҚ / Директорлар кеңесінің төрағасы	01.07.2001 ж. - қазіргі уақытқа дейін
"Эксімбанк Қазақстан" АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі	30.06.2004 ж. - қазіргі уақытқа дейін
"Орталық -Азия отын-энергетика компаниясы" АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі	20.08.2007 ж. - қазіргі уақытқа дейін
«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі	16.03.2009 ж. – қазіргі уақытқа дейін
«Каустик» АҚ / Директорлар кеңесінің төрағасы (тәуелсіз директор)	28.05.2009 ж. - қазіргі уақытқа дейін
Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы" АҚ / Президенті	22.04.2011 ж. - қазіргі уақытқа дейін
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы	25.10.2011 ж. - қазіргі уақытқа дейін
«Акмолинская распределительная электросетевая компания» АҚ / Директорлар кеңесінің төрағасы	25.02.2013 ж. - қазіргі уақытқа дейін

«Северо-Казахстанская распределительная электросетевая компания» АҚ / Директорлар кеңесінің төрағасы	13.11.2013 ж. - қазіргі уақытқа дейін
«Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» / Директорлар кеңесінің төрағасы	20.01.2014ж. - қазіргі уақытқа дейін
Эмитенттің жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ
Еншілес және тәуелді ұйымдардың Жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ

<b>Директорлар кеңесінің мүшесі</b>	<b>Артамбаева Гүлнар Жұмағалиқызы (1969 жылы туған)</b>
Жұмыс орны / Лауазымды орны	Кезең
«Орталық - Азия отын-энергетика компаниясы» АҚ / Президенті	16.06.2000 ж. – қазіргі уақытқа дейін
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі	27.06.2002 ж. – қазіргі уақытқа дейін
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі	27.06.2002 ж. - қазіргі уақытқа дейін
«Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі	07.10.2002 ж. – қазіргі уақытқа дейін
«Эксимбанк Казахстан» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі	31.03.2004 ж. – қазіргі уақытқа дейін
«АИФРИ» «ЦАТЭК Инвест» АҚ / Директорлар кеңесінің төрағасы	27.04.2007 ж. - қазіргі уақытқа дейін
«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі	16.03.2009 ж. – қазіргі уақытқа дейін
«Инвестиционный дом «Астана-Инвест» АҚ/ Директорлар кеңесінің төрағасы	07.07.2011 ж. - қазіргі уақытқа дейін
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі	22.02.2013 ж. - қазіргі уақытқа дейін
Эмитенттің жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ
Еншілес және тәуелді ұйымдардың Жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ

<b>Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор)</b>	<b>Сафарбаков Альберт Мансурович (1940 жылы туған)</b>
Жұмыс орны / Лауазымды орны	Кезең
«Павлодартехэнерго» ЖШС / Директор	26.01.1997 ж. - қазіргі уақытқа дейін
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор)	22.02.2013 ж. – қазіргі уақытқа дейін
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор)	06.03.2012 ж. – қазіргі уақытқа дейін
«Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор)	12.03.2012 ж. – қазіргі уақытқа дейін
Эмитенттің жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ
Еншілес және тәуелді ұйымдардың Жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ

**15. Эмитенттің Директорлар кеңесінің (осындайлар бар болса) комитеттері.**

<b>Комитеттің атауы</b>	<b>Комитет мүшелері (Т.А.Ә., лауазымға кірген күні)</b>	<b>Құзыреті</b>
Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті	1. Сафарбаков Альберт Мансурович/ Комитет төрағасы, 1940 ж.т. – лауазымға 01.11.2013 жылы кірді; 2. Әмірханов Еркін Адамияұлы, 1967 ж.т. - лауазымға 01.11.2013 жылы кірді; 3. Перфилов Олег Владимирович, 1968 ж.т. - лауазымға 01.11.2013 жылы кірді.	Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады, корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру, жобаларды іске асыру және Қоғам дамуының стратегиясын орындауды бақылау үшін құрылды. Сондай ақ осы Комитет Қоғам қызметін жоспарлау және дамыту механизмдерін жетілдіру бойынша Директорлар кеңесіне жәрдем береді.
Директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеті	1. Сафарбаков Альберт Мансурович/ Комитет төрағасы, 1940 ж.т. – лауазымға 01.11.2013 жылы кірді; 2. Артамбаева Гүлнар Жұмағалиқызы, 1969 ж.т. - лауазымға 01.11.2013 жылы кірді; 3. Перфилов Олег Владимирович, 1968 ж.т. - лауазымға 01.11.2013 жылы кірді; 4. Рахымберлинова Жанар Жандарбекқызы, 1973 ж.т. - лауазымға 01.11.2013 жылы кірді; 5. Станбаева Айжан Орманқызы, 1983 ж.т. - лауазымға 01.11.2013 жылы кірді.	Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады. Директорлар кеңесіне оның реттеу және қадағалау функцияларын тиімді жүзеге асыруына, ішкі аудитті, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйелерін жетілдіруге және нығайтуға көмек көрсетеді. Комитет Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз тарапынан іс-қимылдарды талап ететін кез-келген мәселе бойынша мәліметтерді жеткізеді.
Директорлар кеңесінің кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті	1. Сафарбаков Альберт Мансурович/ Комитет төрағасы, 1940 ж.т. – лауазымға 01.11.2013 жылы кірді; 2. Әмірханов Еркін Адамияұлы, 1967 ж.т. - лауазымға 01.11.2013 жылы кірді; 3. Перфилов Олег Владимирович, 1968 ж.т. - лауазымға 01.11.2013 жылы кірді;	Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады, Қоғам үшін бірыңғай кадр саясатын әзірлеп енгізу, кандидаттарды басшы лауазымына Қоғамның атқарушы органының және еншілес ұйымдардың мүшелеріне сайлау немесе тағайындау үшін құрылды.



	4. Константинова Наталья Валерьевна, 1965 ж.т. - лауазымға 01.11.2013 жылы кірді.	
--	---	--

#### 16. Ішкі аудит (бар болса) қызметі.

Ішкі аудит қызметінің басшысы - Кенжебаева Жанат Сапарханқызы, 11.04.1969 жылы туған, осы лауазымда 09.02.2015 жылдан бері жұмыс істейді.

#### 17. Эмитенттің атқарушы органы.

Бас директор (жеке-дара атқарушы орган)	Перфилов Олег Владимирович (1968 жылы туған)
Жұмыс орны / Лауазымды орны	Кезең
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ/ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары	01.05.2009ж.-21.06.2013ж.
«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ /Өндіріс жөніндегі Вице-президент	02.04.2012ж.- қазіргі уақытқа дейін
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ/ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары	09.04.2012ж.-17.01.2014ж.
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ /Басқарма төрағасының м.а.	17.01.2014ж.-10.09.2014ж.
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ/Бас директор	10.09.2014ж.- қазіргі уақытқа дейін
Қоғамның жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ
Еншілес және тәуелді ұйымдардың Жарғылық капиталындағы үлесі	Жоқ

#### 18. Егер Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) тапсырылған жағдайда, онда осы тармақта мыналарды көрсету керек:

Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) тапсырылған жоқ.

#### 19. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы органның мүшелеріне және Эмитенттің басқа басшы тұлғаларына төленетін сыйақы:

Қоғамның басқару органдары	Соңғы үш ай ішіндегі сыйақының жалпы мөлшері (мың теңге)	Кейінгі он екі ай ішінде төлеуге жататын сыйақының жоспарлы жалпы мөлшері (мың теңге)
Директорлар кеңесі	900	10 395
Бас директор	4 780	17 634

#### 20. Эмитенттің ұйымдастырушылық құрылымы.

1) Эмитенттің құрылымдық бөлімшесі (ұйымдастырушылық құрылымы) осы Андатпаның №1 Қосымшасында егжей-тегжейлі ұсынылған. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

2) 2016 жылғы 1 маусым жағдайы бойынша Эмитент қызметкерлерінің жалпы саны 1 892 адамды құрайды.

3) Эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәлімет:

р/с №	Т.А.Ә.	Туған күні	Құрылымдық бөлімше	Лауазымы
1	Ризен Инна Андреевна	1948	Дирекция	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
2	Нұртазин Ерлан Ынтықбайұлы	1974	Дирекция	Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары
3	Құрманбаева Баян Оразбайқызы	1974	Дирекция	Бас директордың персоналды басқару жөніндегі орынбасары
4	Беликова Светлана Николаевна	1966	Бухгалтерия	Бас бухгалтер
5	Гринев Игорь Николаевич	1965	3-ЖЭО Жалпы басқару	ЖЭО директоры
6	Верголяс Александр Григорьевич	1954	3-ЖЭО Жалпы басқару	Бас инженер
7	Богомолов Сергей Витальевич	1963	3-ЖЭО Жалпы басқару	Бас инженердің орынбасары
8	Шевцов Владимир Григорьевич	1954	2-ЖЭО Жалпы басқару	ЖЭО директоры
9	Зенков Андрей Валентинович	1972	2-ЖЭО Жалпы басқару	Бас инженер
10	Улихин Сергей Викторович	1972	2-ЖЭО Жалпы басқару	Бас инженердің орынбасары
11	Вебер Виктор Карлович	1963	ЕЖЭО Жалпы басқару	ЖЭО директоры
12	Захаров Дмитрий Александрович	1978	ЕЖЭО Жалпы басқару	Бас инженер
13	Янгучин Салим Хачийахметович	1962	ЕЖЭО Жалпы басқару	Бас инженердің орынбасары
14	Смирнова Людмила Анатольевна	1970	Персоналмен жұмыс жөніндегі басқарма	Басқарма бастығы
15	Жандосова Майра Аспандиярқызы	1977	Экономика және қаржы басқармасы	Басқарма бастығы
16	Скворцов Александр Витальевич	1959	Өндірістік-техникалық басқарма	Басқарма бастығы
17	Мызовская Ирина Александровна	1969	Тәуекелдерді басқару басқармасы	Басқарма бастығы

18	Шеин Константин Михайлович	1969	Ақпараттық технологиялар басқармасы	Басқарма бастығы
19	Шевченко Анатолий Иванович	1951	Телекоммуникациялар басқармасы	Басқарма бастығы
20	Коваль Татьяна Александровна	1962	Қоршаған ортаны қорғау басқармасы	Басқарма бастығы
21	Карпович Кристина Константиновна	1981	Істер басқармасы	Басқарма бастығы
22	Соколов Игорь Анатольевич	1963	Жөндеу басқармасы	Басқарма бастығы
23	Морарь Геннадий Борисович	1954	Қайта жаңарту және модернизациялау басқармасы	Басқарма бастығы
24	Темірғалиев Жарылқасын Несіпханұлы	1980	Материалдық- техникалық қамтамасыз ету басқармасы	Басқарма бастығы
25	Мороз Иван Геннадьевич	1980	Негізгі қорларды қолдау жөніндегі басқарма	Басқарма бастығы

### 3. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) және үлестес тұлғалары

#### 21. Эмитенттің акционерлері:

1) 2016 жылғы 1 маусымға Қоғамның бірден-бір акционері болып Жарғылық капиталдағы қатысу үлесі 100% «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ («ОАЭК» АҚ) табылады. «ОАЭК» АҚ –тың тұрған жері – Алматы, Қарасай батыр көш., 89. «ОАЭК» АҚ –тың жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің он және одан көп қатысу үлесін иеленген ірі акционерлері:

Акционердің толық атауы	Акционердің қысқартылған атауы	Қатысу үлесі, %	Орналасқан жері
KAZ HOLDINGS COOPERATIEF U.A.	жоқ	11,22	Нидерланды Корольдығы
«Орталық-Азия отын-энергетика компаниясы» АҚ	«ОАОЭК» АҚ	57,37	Алматы, Қазақстан Республикасы
ЕВРОПЕЙСКИЙ БАНК РЕКОНСТРУКЦИИ И РАЗВИТИЯ	жоқ	24,16	Лондон, Ұлыбритания Біріккен Корольдығы

2) Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) емес, бірақ басқа ұйымдар арқылы Эмитенттің қызметін бақылау құқығына иеленген тұлғалар туралы мәлімет. Эмитенттің акционерлері емес, бірақ басқа ұйымдар арқылы Эмитенттің қызметін бақылау құқығына иеленген тұлғалар жоқ.

**22. Эмитент акциялардың он немесе одан көп пайызын (үлесті) иеленген заңды тұлғалар туралы заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері, жарғылық капиталдағы Эмитент акцияларының (үлестің) пайыздық арақатынасы, қызмет түрі, тегі, аты, бар болса- әкесінің аты, бірінші басшысы көрсетілген мәліметтер:**

2016 жылдың 1 маусымына

<b>Заңды тұлғаның атауы</b>	<b>Тұрған жері</b>	<b>Ұйымның Жарғылық капиталындағы Эмитент акцияларының пайыздық арақатынасы</b>	<b>Қызмет түрі</b>	<b>Бірінші басшының Т.А.Ә.</b>
«Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» АҚ	Павлодар қ., Орталық өнеркәсіптік аймақ, 2014 – ші құрылыс	99,99%	Электр энергиясын беру және тарату	Бодрухин Федор Фролович
«Павлодарские тепловые сети» ЖШС	Павлодар қ., Қамзин көш., 149	100%	Жылу энергиясын беру және тарату	Иманаев Марат Шамильевич
«Павлодарэнерго сбыт» ЖШС	Павлодар қ., Кривенко көш., 27	100%	Электр және жылу энергиясын өткізу	Арғынов Талғат Ғабдоллаұлы

**23. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:**

Қоғам «Қазақстан электрэнергетикалық қауымдастығы» ЗТБ мүшесі болып табылады. Бұл ұйым 1999 жылы 7 қаңтарда Қазақстан Республикасының әділет органдарында ресми тіркелген үкіметтік емес және коммерциялық емес ұйым болып табылады. Бүгінгі күні Қауымдастық мыналармен ұсынылады: өндіруші компаниялар, өңірлік электржелістік компаниялар, энергиямен жабдықтаушы компаниялар, жүйелік оператор, орталықтандырылған сауда-саттық операторы, негізгі салалық ғылыми-зерттеу және жобалау институттары, энергия жабдығын өндірушілер, АҚШ Энергетикалық Қауымдастығы және т.б..

**24. Эмитенттің басқа үлестес тұлғалары туралы мәліметтер.**

- Заңды тұлғалар:

<b>Заңды тұлғаның атауы және оның тұрған жері</b>	<b>Қызмет түрі</b>	<b>Бірінші басшының Т.А.Ә.</b>
«Эксимбанк Казахстан» акционерлік қоғамы, Алматы қ., Бөгенбай батыр көш., 80	Банк қызметі	Басқарма төрағасы Прихожан Дмитрий Анатольевич
«Акционерный Инвестиционный фонд рискованного Инвестирования «ЦАТЭК Инвест» акционерлік қоғамы, Алматы қ., Қарасай батыр көш., 89	Жалпы коммерциялық қызмет	Басқарма төрағасы Қасымханова Қарлығаш Ерболатқызы
«ЦАТЭК Инвестмент Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Алматы қ., Қарасай батыр көш., 89	Жалпы коммерциялық қызмет	Директор - Әмірханов Еркін Адамияұлы
«Орталық-Азия отын-энергетика компаниясы» акционерлік қоғамы,	Жалпы коммерциялық	Президент - Артамбаева Гүлнар Жұмағалиқызы

Алматы қ., Қарасай батыр көш., 89	қызмет	
Европейский Банк Реконструкции и Развития, London EC2A 2JN United Kingdom	Инвестициялық қызмет	Бірінші басшы - Сума Чакрабарти
KAZ HOLDINGS COOPERATTEF U.A. Нидерланды, Амстердам қ., 1097 JB, Принс Бернхардплейн 200, 1097 JB	Инвестициялық қызмет	Бірінші басшы - Деварши Дас
«Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» акционерлік қоғамы, Павлодар қ., Орталық өнеркәсіптік аймақ, 2014 -күрылыс	Электр энергиясын беру және тарату	Бас директор - Будрухин Фёдор Фролович
«Павлодарские тепловые сети» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Павлодар қ., Қамзин көш., 149	Жылу энергиясын беру және тарату	Бас директор Иманаев Марат Шамильевич
«Павлодарэнергосбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Павлодар қ., Кривенко көш., 27	Электр және жылу энергиясын өткізу	Бас директор - Арғынов Талғат Ғабдоллаұлы
«СЕВКАЗЭНЕРГО» акционерлік қоғамы, Петропавловск қ., Жамбыл көш., 215	Электр және жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және өткізу	Бас директор - Ларичев Леонид Викторович
«Северо-Казахстанская Распределительная Электросетевая Компания» акционерлік қоғамы Петропавловск қ., Аяған Шажимбаев көш., 144	Электр және жылу энергиясын беру және тарату	Бас директор - Казановский Анатолий Антонович
«Севказэнергосбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Петропавловск қ., Жұмабаев көш., 68	Электр және жылу энергиясын өткізу	Бас директор - Сағындықов Мағауия Қариполлаұлы
«Петропавловские Тепловые Сети» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Петропавловск қ., Строительная көш., 23	Электр және жылу энергиясын беру және тарату	Бас директор - Рыбас Игорь Николаевич
«Акмолинская распределительная электросетевая компания» акционерлік қоғамы, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр ауылы, Подстанционная көш. Нақты тұрған жері: Астана қ., Циолковский көш., 2	Электр және жылу энергиясын беру және тарату	Бас директор - Зүлеев Мұқан Махамбетұлы
«Астанаэнергосбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Астана қ., Б. Момышұлы даңғ., 4/1	Электр және жылу энергиясын өткізу	Директор - Зинкевич Александр Викторович
«Каустик» акционерлік қоғамы, Павлодар облысы, Павлодар қ., Солтүстік өнеркәсіптік аймақ	хлор және каустикалық сода өндіру	Басқарма төрағасы - Орымбеков Ерлан Әбдікәрімұлы
«Павлодар-Водоканал Северный» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 25, оф. 203	Суды жинау, өңдеу және бөлу, суды құбыржолдар бойынша тасымалдау	Директор - Бекенов Ерік Вастаевич
«АСТАНА-ЕРЦ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Деректерді орналастыру және	Директор - Абдуллин Самат Қуандықұлы

Астана қ., Отырар көш., 5	өңдеу бойынша қызметтер көрсету	
«Алақай» балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Петропавловск қ., Абай көш., 59-128	Мектепке дейін білім беру	Директор - Розенштейн Алина Витальевна
«ЦАТЭК-Энергоинвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Алматы қ., Қарасай батыр көш., 89	Жаңартылып отыратын энергия көздерін пайдалану бойынша объектілерді жобалау және құрылысы	Директор - Забережный Дмитрий Анатольевич

• **Жеке тұлғалар:**

<b>Жеке тұлғаның Т.А.Ә. және оның мекенжайы</b>	<b>Ескерту</b>
Әмірханов Адамия Алматы қ.	Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Е.А. Әмірхановтың әкесі
Сахаева Дәмеш Жүнісқызы Алматы қ.	Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Е.А. Әмірхановтың анасы
Әмірханов Ержан Адамияұлы Алматы қ.	Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Е.А. Әмірхановтың інісі
Жақсылықова Лаура Серікқызы Алматы қ.	Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Е.А. Әмірхановтың зайыбы
Кан Сергей Владимирович Алматы қ.	«ОАОЭК» АҚ-тың ірі акционері, «ОАОЭК» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы
Клебанов Александр Яковлевич Алматы	«ОАОЭК» АҚ-тың ірі акционері, «ОАЭК» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы
Перфилова Елена Александровна Павлодар қ.	«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Бас директоры О.В. Перфиловтың зайыбы
Перфилов Владислав Олегович Павлодар қ.	«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Бас директоры О.В. Перфиловтың ұлы
Мазницын Александр Авдеевич Павлодар қ.	«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Бас директоры О.В. Перфиловтың зайыбының әкесі
Мазницына Анна Андреевна Павлодар қ.	«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Бас директоры О.В. Перфиловтың зайыбының анасы
Артambaева Рымкүл Кенжебайқызы Алматы қ.	«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Г. Ж. Артambaеваның анасы
Артambaев Талғат Жұмағалиұлы Алматы қ.	«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Г. Ж. Артambaеваның ағасы
Мақұлбаева Динара Жұмағалиқызы Алматы қ.	«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Г.Ж. Артambaеваның сіндісі
Арғынов Талғат Ғабдоллаұлы Павлодар қ.	«Павлодарэнергосбыт» ЖШС Бас директоры
Арғынов Ғабдолла Қайыргелдіұлы Павлодар қ.	«Павлодарэнергосбыт» ЖШС Бас директоры Т. Ғ. Арғыновтың әкесі
Арғынова Күлән Малғаждарқызы Павлодар қ.	«Павлодарэнергосбыт» ЖШС Бас директоры Т. Ғ. Арғыновтың анасы
Арғынов Серік Ғабдоллаұлы Павлодар қ.	«Павлодарэнергосбыт» ЖШС Бас директоры Т. Ғ. Арғыновтың ағасы
Арғынова Гүлнар Ғабдоллақызы Павлодар қ.	«Павлодарэнергосбыт» ЖШС Бас директоры Т. Ғ. Арғыновтың әпкесі

Арғынова Күнсұлу Сұңғатқызы Павлодар қ.	«Павлодарэнергосбыт» ЖШС Бас директоры Т. Ғ. Арғыновтың зайыбы
Бодрухин Федор Фролович Павлодар қ.	«ПЭТК» АҚ Бас директоры
Бодрухина Галина Петровна Павлодар қ.	«ПЭЖТК» Бас директоры Ф. Ф. Бодрухиннің зайыбы
Фрост Валентина Васильевна Германия	«ПЭЖТК» АҚ Бас директоры Ф. Ф. Бодрухиннің әпкесі
Попова Вера Васильевна Павлодар қ.	«ПЭЖТК» АҚ Бас директоры Ф. Ф. Бодрухиннің әпкесі
Рюмкин Александр Васильевич Павлодар қ.	«ПЭЖТК» АҚ Бас директоры Ф. Ф. Бодрухиннің ағасы
Иманаев Марат Шамильевич Павлодар қ.	«ПТС» ЖШС Бас директоры
Иманаева Любовь Анатольевна Павлодар	«ПТС» ЖШС Бас директоры М.Ш. Иманаевтың зайыбы
Иманаев Тимур Маратович Павлодар қ.	«ПТС» ЖШС Бас директоры М.Ш. Иманаевтың ұлы
Иманаева Галина Насыровна Павлодар қ.	«ПТС» ЖШС Бас директоры М.Ш. Иманаевтың анасы
Иман Рената Шамильевна Франция	«ПТС» ЖШС Бас директоры М.Ш. Иманаевтың әпкесі
Деварши Дас (Devarshi Das) Сингапур	«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
Вуд Грэхэм Джон (Wood Graham John) Ұлыбритания, Хертц қ.	«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
Ларичев Леонид Викторович Петропавловск қ.	«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры
Сағындықов Мағауия Қариполлаұлы Петропавловск қ.	«Севказэнергосбыт» ЖШС Бас директоры
Казановский Анатолий Антонович Петропавловск қ.	«СК РЭК» АҚ президенті
Рыбас Игорь Николаевич Петропавловск	«Петропавловские тепловые сети» ЖШС Бас директоры
Зинкевич Александр Викторович Астана қ.	«Астанаэнергосбыт» ЖШС Бас директоры
Қасымханова Қарлығаш Ерболатқызы Алматы қ.	«АИФРИ «ЦАТЭК Инвест» АҚ Басқарма төрағасы
Прихожан Дмитрий Анатольевич Алматы қ.	«Эксимбанк Казахстан» АҚ Басқарма төрағасы
Ример Наталья Генриховна Алматы қ.	«Эксимбанк Казахстан» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары
Бекенов Ерік Вастаевич Павлодар қ.	«Павлодар-Водоканал Северный» ЖШС директоры
Орымбеков Ерлан Әбдікәрімұлы Павлодар қ.	Директорлар кеңесінің мүшесі/ «Каустик» АҚ Басқарма төрағасы
Зүлеев Мұқан Махамбетұлы Астана қ.	«АРЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
Жүнісова Әсемгүл Серікбайқызы Павлодар қ.	«Каустик» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
Досанов Данияр Болатұлы Павлодар қ.	«Каустик» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

Абдуллин Самат Қуандықұлы Астана қ.	«АСТАНА-ЕРЦ» ЖШС бірінші басшысы
Розенштейн Алина Витальевна Петропавловск қ.	«Алақай» балабақшасы» ЖШС бірінші басшысы

**25. Үлестес тұлғалардың қатысумен жасалған мәмілелер:**

№	Ұйымның атауы	Шарт №	Мәміле жасалған күні	Мәміленің мәні	Мәміленің сомасы (теңгемен)	Шешім қабылдаған Қоғамның органы
1	«Эксимбанк Қазақстан» акционерлік қоғамы	11376.09	02.02.2015	мерзімді банк салымы		Бас директор
2	«Эксимбанк Қазақстан» акционерлік қоғамы	11460.18	11.02.2015	мерзімді банк салымы	2 000 000 000	Бас директор
3	«Эксимбанк Қазақстан» акционерлік қоғамы	11637.09	11.02.2015	Қолма-қол ақшасыз есеп айырысулардың электронды жүйесін пайдалану мен қызмет көрсету	Сома операциялар санына негізделіп, есеп айырысу кезеңінің дерегі бойынша белгіленеді	Бас директор
4	«Эксимбанк Қазақстан» акционерлік қоғамы	1135309	26.01.2015	мерзімді банк салымы	8 886 656	Бас директор
5	«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» акционерлік қоғамы	11696.09	02.03.2015	«ПАВЛОДА РЭНЕРГО» АҚ қызметкерлері үшін тренинг ұйымдастырумен байланысты шығындарды бөлу	47 620	Бас директор
6	«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» акционерлік қоғамы	12167.15	08.07.2015	Қаржылық көмек беру	100 000 000	Бас директор
7	«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» акционерлік қоғамы	12490.09	23.10.2015	Серверлік жабдықты жауапты сақтау	20 000	Бас директор



8	«Орталық-Азия Электроэнергетика лық Корпорациясы» акционерлік қоғамы	12636.09	09.11.2015	Мерейтой лар, ДӨО, аудит және тәуекелдер, тексерулер ге арналған шығындар ды өтеу	3 792 998	Бас директор
9	«Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» акционерлік қоғамы	11333.05	02.02.2015	Оқу орталығын жалға алу	2110080	Бас директор
10	«Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» акционерлік қоғамы	11794.04	12.05.2015	Оттегі сату	223 183	Бас директор
11	«Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» акционерлік қоғамы	12506.05	18.11.2015	Тұрғын емес жайларды жалға алу	237 147	Бас директор
12	«Павлодарские тепловые сети» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	11339.02	29.01.2015	Электр энергиясын жеткізу	Сома бекітілген тарифтер бойынша жеткізілген энергияның мөлшеріне негізделіп, есептік кезеңнің деректері бойынша анықталады	Бас директор
13	«Павлодарские тепловые сети» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	11531.04	31.03.2015	Оттегі сату	3 819 880	Бас директор
14	«Павлодарские тепловые сети» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	12420.20	22.10.2015	"Рикол" антикорро зиялық жабынын сату	6 808 350	Бас директор
15	«Павлодарские тепловые сети» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	12379.09	01.10.2015	"Каустик" АҚ-тан сатып алынған жылу желісін сенімді басқару	94 000 000	Бас директор

16	«Павлодарэнерго сбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	12587.05	14.12.2015	Кривенко,27 бойынша жайды жалға алу	13 194 134	Бас директор
17	«Павлодарэнерго сбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	12707/1.20	31.12.2015	жалпы ауданы 2 763,7 жайды жалға алу	1 970 372	Бас директор
18	«СЕВКАЗЭНЕР ГО» акционерлік қоғамы	12428.04	27.10.2015	планшетті өткізу	25 571	Бас директор
19	«Каустик» акционерлік қоғамы	11291.20	16.01.2015	каустикалық соданы сатып алу	84 625 000	Бас директор
20	«Каустик» акционерлік қоғамы	45	09.01.2015	Жылу желілерін сатып алу - 4 373 ұ.м. және 5 жер учаскесін жалға алу	180 000 000	Бас директор
21	«Каустик» акционерлік қоғамы	12386.02	30.12.2015	Электр энергиясын жеткізу	Сома бекітілген тарифтер бойынша жеткізілген энергияның мөлшеріне негізделіп, есептік кезеңнің дерегі бойынша анықталады	Бас директор
22	«Павлодар-Водоканал Северный» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	11344.04	06.02.2015	Оттегі өткізу	82 984	Бас директор
23	«Павлодар-Водоканал Северный» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	12110.09	21.07.2015	Тапсырыс берушінің қызметкерлерін оқыту және қайта аттестаттау	Сома оқытылған дардың санына негізделіп, есептік кезеңнің дерегі бойынша анықталады	Бас директор
24	«Павлодар-Водоканал Северный»	12663.02	24.12.2015	Электр энергиясын жеткізу	Сома бекітілген тарифтер	Бас директор

	жауапкершілігі шектеулі серіктестігі				бойынша жеткізілген энергияның мөлшеріне негізделіп, есептік кезеңнің деректері бойынша анықталады	
--	--------------------------------------	--	--	--	--	--

**26. Арнайы қаржы компаниясы облигацияларының шығарылымы кезінде секьюритизация мәмілесі тараптарының үлестестілігі туралы, үлестелікті мойындау үшін негіздеме және оның пайда болған күні көрсетілген ақпарат ашылады.**

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

#### **4. Эмитент қызметінің сипаттамасы (егер Эмитент**

**IAS 27 халықаралық қаржылық есептілік стандарты бойынша топ құрамына кірсе, онда осы бөлім бүкіл топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің негізінде, сондай-ақ Эмитенттің өзінің қаржылық есептілігінің негізінде толтырылады)**

**27. Эмитент қызметіндегі жалпы тенденциялардың, оның ішінде Эмитенттің негізгі қызметінің түрлері бойынша қысқаша сипаттамасы.**

#### **1) Эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер;**

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ – бұл Павлодар облысының барлық энергиямен жабдықтау бөлімдерін біріктіретін ірі энергетикалық компания (өндіру, тасымалдау және энергия көздерін өткізу).

Ақсу ГРЭС-і, «Экибастузская ГРЭС-1» ЖШС мен «Станция Экибастузская ГРЭС-2» АҚ электр энергиясының көтерме сауда нарығындағы Қоғамның бәсекелестері болып табылады. Компания Қазақстан Республикасының басқа да энергия өндіруші ұйымдарының алдында электр энергиясын өткізуде өнімнің негізгі тұтынушыларының – Павлодар қаласының Солтүстік өнеркәсіптік аймағының ең ірі өндірістік кәсіпорындарының генерация көздеріне жақын орналасуы бойынша бәсекелестік артықшылыққа ие. Ал бұл босату тарифін есептеу кезінде «Казахстанская компания по управлению электрическими сетями» АҚ (KEGOC) қызметінің құнын есепке алмауға мүмкіндік береді.

Қоғамның көмір кен орындарына аса жақын орналасуы көмірді тасу кезінде айтарлықтай шығынға ұшырайтын өзге энергия жеткізушілері алдындағы тағы да бір артықшылығы. Павлодар облысы электр энергиясын тұтынуда алда келеді, оның үлесіне электр энергияны ұлттық тұтынудың 21,8% тиесілі. Қоғамның негізгі тұтынушыларының қатарына «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС, «KSP Steel» ЖШС мен «Каустик» АҚ жатады.

Қоғам жылу энергиясын өндіруде - монополист, сондықтан осы қызметке қатысты оның баға саясаты мемлекеттік тарифтік реттеу талаптарымен белгіленеді. Реттелетін қызметтің тарифтерін уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігі қолданыстағы заңнама негізінде қызметтерді жеткізуші мен оларды тұтынушылардың мүдделерінің тең болуын ескере отырып бекітеді. Жылу энергиясын өндіру бойынша табиғи монополия заңдарының күшіне орай Павлодар мен Екібастұз қалаларында Компанияның бәсекелестері жоқ. Екібастұз қаласындағы Қоғамға тиесілі ЖЭО 130 мыңнан астам адам тұратын қаланың жалғыз жылу көзі болып табылады.

«Қазақстан алюминийі» АҚ –қа тиесілі Павлодарлық 1-ЖЭО («ҚА» АҚ-тың ЖЭО-сы) өндіретін жылу энергиясының 75%-ға жуығы алюминий зауытының ішкі мұқтаждықтарына жұмсалады да, тек төрттен бірі ғана қалаға беріледі. Бұған қоса, Павлодар қаласын жылумен жабдықтаудың қолданыстағы сызбасы «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-тың 3-ЖЭО мен 2-ЖЭО–на қосылған қаланың солтүстік бөлігінде орналасқан тұтынушыларға 1-ЖЭО энергия көзінен жылу энергиясын тасымалдауға мүмкіндік бермейді.

**2) Эмитент қызметінің Қазақстан Республикасы ішіндегі орташа салалық көрсеткіштері, мүмкін болса, орташа әлемдік көрсеткіштермен бірге берілген салыстырмалы сипаттамасы.**

Электр станциялардың бекітілген электр қуатының жиынтығы 662 МВт –ты құрайды, ал жылу энергиясы бойынша – 2240 Гкал/сағат.

Қоғам жалпы аумағы 105,9 мың км<sup>2</sup>, ал халық саны 747,1 мың адамды құрайтын Павлодар облысының территориясын электрмен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

Облыста өндірілетін электр энергиясының көлемі аймақтың қажеттіліктерінен айтарлықтай асып түседі. Павлодар облысының электр станциялары Қазақстан мен Ресейдің шектес аймақтарына электр энергиясын жеткізуші болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі Компанияның үлесі 4,1 % -ға жуығын құрайды (2015 жылғы Қазақстан Республикасындағы электр энергиясын өндірудің жалпы көлемі ҚР Энергетика министрлігінің мәліметтері бойынша - 90,8 млрд. кВт/сағат).

Компанияның артықшылықтары:

- Шығындардың барлық тізбектері: өндіріс, тарату мен энергиямен жабдықтау жақсы интеграцияланған;
- Өнеркәсіптік аймақ – ірі өнеркәсіптік тұтынушылар;
- Соңындағы тұтынушылардың ақша ағымдарына қол жетімділік;
- Құны төмен шикізат көздерінің қолжетімділігі.

Энергетика саласы өндіру, электр энергиясын беру мен электр және жылу энергиясымен жабдықтаудан тұрады, экономиканың қызмет етуінің және ел тіршілігін қамтамасыз етудің негізі болып табылады. Қазақстан Республикасының экономикасы үшін электр энергетикасы аса маңызды, себебі елдің металлургия, мұнай мен газды өндіру сияқты негізгі салалары жоғары энергия сыйымдылығымен сипатталады. Осыған орай, Қазақстанның ауыр өнеркәсібінің бәсекеге сай болуы мен халық өмірінің сапасы көбіне қолайлы баға бойынша тұтынушылардың сенімді әрі сапалы түрде энергиямен жабдықталуына байланысты. 2015 жылдың нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының бірыңғай энергетика жүйесінде (бұдан әрі - БЭЖ) 81 электр станциясы электр энергиясын өндіруді жүзеге асырады. Екібастұз ГРЭС-1, «Еуроазиаттық энергетикалық корпорация» акционерлік қоғамының электр станциясы (Ақсу ГРЭС-і) мен Екібастұз ГРЭС-2 республикамыздың аса ірі электр станциялары болып табылады. Отын түрлері бойынша генерациялау көздерінің үлесі төмендегідей бөлінген: көмірде – 64%, газ бен мазутта – 16,1%, газда – 7,4%, су электр станциялары (шағын СЭС –ті есептемегенде) – 12%, ЭЖК (оның ішінде шағын СЭС) – 0,5%. Олардың ішінде 0,04% жел және күн электр станцияларына келеді.

Қазақстан Республикасының аумағы энергетика тұрғысынан үш аймаққа бөлінеді: Солтүстік, Оңтүстік және Батыс. Қазақстанның БЭЖ–ін Ресейдің БЭЖ–мен байланыстырып тұратын 220-500-1150 кВт-тық дамыған электр желілер мен электр энергиясы көздерінің көп бөлігі (70,4%) шоғырланған 7 облыстан тұратын солтүстік аймақ Қазақстанның бірыңғай энергия жүйесін (БЭЖ) қалыптастырудың орталығы болып табылады. Құрамына 4 облыс енетін оңтүстік аймақ Қырғызстан мен Өзбекстанмен дамыған электрлік байланысқа ие және ортақ желілермен біріктірілген. Құрамына 3 облыс енетін батыстық аймақ өзінің географиялық қашықтығына және электрлік байланыстардың жоқтығына орай Қазақстанның БЭЖ–нің басқа бөліктерінен оқшау жұмыс істеп, онымен бірыңғай технологиялық процестермен байланыспаған.

### **3) Саланың болашақтағы дамуына және осы саладағы Эмитенттің алатын орнына қатысты болжамдар.**

Қазақстанның энергетикалық секторы экономикалық өсумен қатар электр энергиясына сұраныстың қарқынды өсуімен сипатталады. Қазақстанда электр энергиясын тұтыну оң демографиялық статистика мен уәде етілген экономикалық перспектива орын алған жағдайда 2015 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі кезеңде 4,2 %-дан жоғары көрсеткіштерге өспек. Электр энергиясын орташа жылдық тұтыну жылына 3-5% -ға өседі. Қазақстан Шығыс Еуропа мен Орталық Азия елдері арасында электр энергиясын тұтыну көрсеткіштері бойынша 2-орынға ие болып келеді.

KAZENERGY ассоциациясының болжамдарына сәйкес электр энергиясын соңғы тұтынудың орташа жылдық қарқынының өсуі 2015 жылдан бастап 2040 жылға дейінгі кезеңде 1-1,8% -ды құрайды. 2030 жылға дейін электр энергиясын өндіру көлемі 111 млрд кВт/сағатқа бағалануда. Ал бұл Қазақстан бойынша негізгі болжамдардан кемінде 34 млрд кВт/сағатқа азырақ.

Energyrom.kz аналитикалық қызметінің деректері бойынша 2016 жылғы I -тоқсанның нәтижелері бойынша елде электр энергиясын тұтыну 2,2% г/г немесе 550 млн. кВт/сағат 24,4 млрд. кВт/сағатқа дейін қысқарды. Электрді тұтынудың баяулауы өнеркәсіптік өндірістің кері қарқынымен байланысты (электрді тұтыну құрылымында сектордың үлесі 67%-ға асады). Бұл тренд 2015 жылғы тамыз айынан бастап байқалып келеді және екі көрсеткіш бойынша кері динамиканы көрсетуде.

Елдегі электр тұтынудың жалпы қысқаруына қарамастан, төрт аймақта 2015 жылдың бірінші тоқсанында өсу байқалды. Электр тұтынудың елеулі өсу қарқыны Атырау мен Солтүстік Қазақстан облыстарында (СҚО) байқалды. СҚО –нда электр тұтынудың өсуі индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде екі объектінің: асфальт-бетон қоспаларын өндіру зауыты мен керамикалық кірпішті өндіру зауытының пайдалануға енгізілуінен туындаған.

Бұл ретте Компанияның қорында өзінің қызметін дамыту бойынша құрған алға жетелейтін жоспарлары бар. Осылайша, Компанияның ұзақ мерзімді және орташа мерзімді кезеңдердегі басымдылықтарының бірі болып табылатыны – қолда бар энергия көздерін кеңейту және қайта құру жолымен инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру. Бұл энергияны генерациялайтын кәсіпорындардың бекітілген және бар болған қуатының көлемін өсіруге, станциялардың сенімді жұмысын арттыруға, жеке мұқтаждықтарға жұмсалатын энергия тұтыну көлемін азайтуға және зиянды шығарындылардың мөлшерін төмендетуге мүмкіндік береді. Инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру нәтижелері бойынша 2017 жылға дейін Қоғамның генерациялайтын кәсіпорындарындағы жабдықтардың тозуын 35-40% -ға қысқарту көзделеді. 2009 жылмен салыстырғанда электр энергиясын өндіру 3 021,693 млн. кВт/сағаттан 4 158,4 млн. кВт/сағатқа дейін немесе 27,3% -ға өседі. Коллекторлардан жылу энергиясын босату 4 093,115 мың Гкалдан 5 418,094 мың Гкалға немесе 24,5% -ға өседі. 2009 жылдан 2017 жылға дейін Қоғамның бекітілген электрлік қуатын 100 МВт – 562 МВт –тан 662 МВт –қа дейін; жылу қуатын 356 Гкал/сағатқа – 1 912 Гкал/сағаттан 2 268 Гкал/сағатқа арттыру жоспарлануда.

Келешекте «ПНХЗ» ЖШС –ның мұнайды өңдеу көлемдерін ұлғайтуына байланысты, сондай-ақ аймақта «Павлодар» арнайы экономикалық зонасының дамуына орай энергияны тұтыну көлемдерінің өсуі күтілуде. «Павлодар» АЭЗ –і Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған, Павлодар қаласының Солтүстік өнеркәсіптік ауданында орналасқан және 3 300 га ауданды алады. АЭЗ –дің негізгі бағыты химиялық және нефтехимиялық өнеркәсіптің өнімдерін, сондай-ақ жалғаспалы бір-бірімен байланысты өндірістердің өнімдерін шығару болады.

Жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейту, жаңа кәсіпорындарды іске қосу және тұрғын үй секторын арттыру энергияны тұтынудың айтарлықтай өсуіне әкеледі. Сонымен қатар, стратегиялық орналасу электр энергиясын Ресейге экспорттау мүмкіндігін береді.

Бұл ретте Компания басшылығы табысты арттыру бойынша іс-шараларды дайындап, оған мыналарды қосты:

- генерацияны ұлғайту;
- ЭЭКЕАЖ–ні («Электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі») ендіру жолымен электр және жылу энергияларының шығынын төмендету, тұрмыстық тұтынушыларға электр және жылу энергиясын есептеу құралдарын орнату, электрді беру және орталықтандырылған жылумен жабдықтау желілерін қайта құру, қалпына келтіру және жаңарту;
- Өндірістің экологиялық көрсеткіштерін жақсарту.

**28. Эмитенттің қызметіне кейінірек айтарлықтай әсер ете алатын Эмитент жасаған келісімшарттар, келісімдер туралы мәліметтер.** Қоғам Эмитенттің қызметіне кейінірек айтарлықтай әсер ете алатын контракт, келісімшарттарды жасаған емес.

**29. Эмитент өзінің қызметін жүзеге асыруы үшін алған құжаттардың күні мен нөмірі, әрекет ету мерзімі мен құжатты берген орган көрсетілген лицензиялары, патенттері, рұқсаттары туралы мәліметтер.**

Қоғам мынадай лицензия түрлеріне ие:

№	Лицензияның атауы	Лицензияның күні мен нөмірі	Әрекет ету мерзімі	Лицензияны берген орган
1	Прекурсорлардың айналымымен байланысты қызметке мемлекеттік лицензия: сатып алу, сақтау, пайдалану, жою, тасымалдау.	06.02.2013ж. № 13001407	5 жыл	ҚР ПМ Есірткі бизнесімен күрес және есірткілердің айналымын бақылау жөніндегі комитет
2	Жобалау қызметімен айналысуға мемлекеттік лицензия	10.02.2003ж. ГСЛ № 010753	Мерзімсіз	ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі агенттігі

Қоғам патенттер және рұқсаттар алған жоқ.

Сыйақының жаңа мөлшерлемесін жариялау жаңа купондық кезең басталған күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады. Қоғам бұл ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың сайтында және /немесе бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлама орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушыларға жеткізеді.

- Сыйақы төлеу басталатын күн:

Купон сыйақысын төлеу күні болып облигациялар айналымының басталған күні есептеледі.

Облигациялар айналымының басталған күні – облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне қосқан күн.

- Сыйақының төлеу күні мен дүркінділігі:

Облигациялар бойынша купон сыйақысын төлеу уақыт базасының 360/30 (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) есебімен жылына екі рет төленеді. Купон сыйақысын төлеу облигация айналымы басталған күннен бастап әр 6 (алты) ай сайын, өтеу мерзіміне дейін жыл сайын төленеді.

- **Сыйақыны төлеу тәртібі мен шарттары (егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, төлем валютасы мен айырбастау бағамы көрсетіледі):**

Купон сыйақысын төлеу үшін облигациялар иелерінің тізілімін тіркеу төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында жүргізіледі.

Сыйақы облигациялар бойынша сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында («Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ орналасқан жерінің уақыты бойынша) сыйақы алуға құқығы бар тұлғаларға беріледі.

Купон сыйақысын төлеу төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде облигациялар иелерінің тізілімінде көрсетілген облигация иелерінің реквизиттері бойынша банк шоттарына ақша аудару жолымен жүзеге асырылады.

Облигациялар иесі Қазақстан Республикасының резиденті болмаған жағдайда купон сыйақысын төлеу Қазақстан Республикасы аумағында банк шоты болған кезде, облигациялар иелерінің тізілімінде көрсетілген облигация иелерінің деректемелері бойынша банк шоттарына теңгемен аударылады. Эмитент облигациялар иесінен - Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша түрде өтініш алған жағдайда сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекіткен курс бойынша теңге сомасын өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе Евро) айырбастау жүзеге асырылуы мүмкін. Аталған айырбастау төлем жүргізілетін күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүргізіледі. Басқа валютаны теңгеге айырбастау облигацияларды ұстаушының – Қазақстан Республикасы бейрезидентінің шотынан жүргізілетін болады. Облигациялар ұстаушылардың – Қазақстан Республикасының резидентінің пайдасына облигациялар бойынша төлемдерді жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді. Облигациялар бойынша купон сыйақысы облигациялардың атаулы бағасының және купон сыйақысының жылдық мөлшерлемесінің, 360-қа бөлінген (бір айда 30 күн есебімен) купон есептелімі кезеңіндегі иелік ету күндерінің санының туындысы ретінде есептеледі.

- **Сыйақы төлеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:**

Сыйақы (купон) есептеу үшін 360/30 (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) уақыттық базасы қолданылады.

- **Индексацияланған облигациялар шығарылымы кезінде есеп айырысу тәртібі** – бұл тармақ қолданылмайды.

#### **б) Облигациялар айналымы және оларды өтеу туралы мәлімет, мыналарды көрсету:**

- **Облигациялар айналымының мерзімі және оларды өтеу шарттары:**

**Облигациялар айналымының мерзімі** – айналым басталған күннен бастап 10 жыл.

Облигациялар облигация айналымының соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күннің ішінде облигация иелерінің ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен соңғы кезеңнің сыйақысын бірге төлеумен, теңгедегі атаулы баға бойынша айналым мерзімінің соңында өтеледі. Облигациялар иесі Қазақстан Республикасының резиденті болмаған жағдайда купон сыйақысын төлеу Қазақстан Республикасы аумағында банк шоты болған кезде, облигациялар иелерінің тізілімінде көрсетілген облигация иелерінің реквизиттері бойынша банк шоттарына теңгемен аударылады. Облигациялар иесінен жазбаша түрде өтініш алған жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекіткен курс бойынша теңге сомасын өзге валютаға айырбастау жүзеге асырылуы мүмкін. Теңге сомасын өзге валютаға айырбастау облигациялар иесінің шотынан жүргізіледі. Өзге валютаны теңгеге айырбастау облигацияларды ұстаушының – Қазақстан Республикасы бейрезидентінің шотынан жүргізілетін болады. Облигациялар ұстаушылардың – Қазақстан Республикасының резидентінің пайдасына облигациялар бойынша төлемдерді жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.

Соңғы кезеңдегі негізгі қарыз бен сыйақыны (купон) алуға төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басына дейін облигациялар иелерінің тізілімінде тіркелген тұлғалар құқылы.

- **Облигациялардың айналымы жоспарланатын рынок (ұйымдасқан және (немесе) ұйымдаспаған):**

Облигациялардың айналымы бағалы қағаздардың ұйымдасқан және ұйымдаспаған рыноктарында жоспарланады.

- **Облигацияларды өтеу күні:**

Облигациялар айналымының басталған күніне 10 жыл болған кезде.

- **Облигацияларды өтеу жүзеге асырылатын орындар (орын):**

Облигацияларды өтеу кезінде олардың атаулы бағасын және соңғы кезеңге сыйақы төлеу Эмитенттің атқарушы органының орналасқан жері бойынша жүргізіледі: Қазақстан Республикасы, Павлодар қ., Кривенко көш., 27.

- **Облигацияларды өтеу тәсілі:**

**Ақшалай** – облигациялар бойынша негізгі қарызды төлеу облигациялар иелері реестрінің деректеріне сәйкес облигациялар иелерінің банк шоттарына Эмитенттің Қазақстан теңгесімен ақша аудару жолымен жүзеге асырылады. Облигациялар иесі Қазақстан Республикасының резиденті болмаған жағдайда облигациялар бойынша негізгі қарызды төлеу Қазақстан Республикасы аумағында банк шоты болған кезде, теңгемен жүргізіледі.

Эмитент облигациялар иесінен (ұстаушыдан) - Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша түрде өтініш алған жағдайда сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекіткен курс бойынша теңге сомасын өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе Евро) айырбастау жүзеге асырылуы мүмкін. Аталған айырбастау төлем жүргізілетін күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүргізіледі. Басқа валютаны теңгеге айырбастау облигацияларды ұстаушының – Қазақстан Республикасы бейрезидентінің шотынан жүргізілетін болады.

Теңге сомасын өзге валютаға айырбастау облигацияларды ұстаушының – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің шотынан жүргізілетін болады.

Облигация ұстаушылардың – Қазақстан Республикасының резидентінің пайдасына облигациялар бойынша төлемдерді жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.

- **Эмитенттің қассасы арқылы облигацияларды қолма-қол ақшамен өтеу кезінде жүгіну керек болатын тұлғалар және орын** – қолма-қол ақшамен өтеу көзделмеген.

### **7) Облигацияларды төлеу шарттары және тәртібі:**

Облигациялар ақшалай қаражатпен қолма-қол ақшасыз түрде төленеді.

Облигацияларды бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында орналастыру кезінде облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі, есеп айырысу тәсілдері «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Облигацияларды борышты қайта құрылымдау тәртібінде орналастырған жағдайда, дефолт болған жағдайда облигациялардың төлемі қайта құрылымдау жоспарына сәйкес және белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

### **8) Облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және басқа қамтамасыз етілген облигациялар шығарылымы кезінде):**

Облигациялар шығарылымы қамтамасыз етілмеген.

### **9) Арнайы қаржы компаниясының облигацияларды шығару кезінде қосымша мыналар көрсетіледі:**

Қоғам арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды

### **10) Облигациялар иелерінің (ұстаушылар) өкілдері туралы мәліметтер (атауы, тұрған жері, байланыс телефондары, бірінші басшының, атқарушы орган мүшелерінің тегі, аты, бар болса әкесінің аты):**

Облигациялар иелерінің өкілдері болып «Сентрас Секьюритиз» АҚ табылады, ол бағалы қағаздар рыногының кәсіби мүшесі және брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асырудағы Қаржы ұйымдарын және қаржы рыногын қадағалау және реттеу жөніндегі Қазақстан Республикасы Агенттігінің 22.09.2004 жылғы №0401200886 лицензиясы негізінде қызмет атқарады.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының және Активтерді басқарушылар қауымдастығының мүшесі болып табылады.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ орналасқан жері: Алматы қ., Манас көш., 32 А, тел. 8 (727) 259 88 77, факс 8 (727) 259 88 87.

Атқарушы орган «Сентрас Секьюритиз» АҚ: Басқарма төрағасы – Қамаров Талғат Қайырбекұлы, Басқарма төрағасының орынбасары – Айгүл Тиесова, Бас бухгалтер – Басқарма мүшесі – Дәулетбақова Ғалия.

**11) Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымы кезінде концессиялық шарттың және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдігі туралы қаулысының деректемелері көрсетіледі:**

Облигациялар инфрақұрылымдық емес.

**12) Облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі:**

Эмитенттің бағалы қағаздары иелерінің тізілімін жүргізу және сақтауды «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы жүзеге асырады.

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Бостандық ауданы, Сатбаев көш., 30а/3,

Тел. 8 (727) 272-69-40.

Бағалы қағаздар иелерінің тізілімі жүйесін жүргізу туралы 2014 жылғы 1 қаңтардағы № 896 Шарт.

**13) Төлем агенті туралы мәліметтер:**

Төлем агенті қарастырылмаған. Облигацияларды өтеу кезіндегі купон сыйақысын және облигацияның атаулы құнын төлеуді Эмитент өз бетімен жүзеге асырады.

**14) Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімнен бұрын өтеу құқығы (егер осы құқық Эмитент органының облигациялар шығарылымы туралы шешімімен көзделген жағдайда):**

Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімнен бұрын өтеу құқығы қарастырылмаған.

**15) Эмитенттің бұрын шығарған, айналым мерзімі өтіп кеткен облигациялары бойынша талап құқықтарымен төлемі жүргізілетін облигациялардың шығарылымы кезінде осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны қосымша көрсетіледі:**

Эмитенттің бұрын шығарған, айналым мерзімі өтіп кеткен облигациялары бойынша талап құқықтарымен төлем көзделмеген.

**16) Облигацияларды қор биржасының ресми тізіміне қосу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін ұйым туралы мәлімет (егер осындай ұйыммен шарт жасау міндеті Заң талаптарымен көзделсе):**

«Инвестиционный Дом «Астана-Инвест» АҚ Эмитент облигацияларының екінші шығарылымының андеррайтері болып табылады (Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға атаулы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 4.1.1.221 мемлекеттік лицензияны берген Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі);

Ұйымның орналасқан жері – 050002, Алматы қ., Медеу ауданы, Қонаев көш., 32, 5 –ші қабат;

Тел: +7(727)330 70 94, факс: +7(727) 258 43 41;

Шарттың күні және нөмірі – андеррайтингтік қызметтерді көрсету туралы 2016 жылғы 23 мамырдағы №07/001-16 шарт;

Бірінші басшы – Басқарма төрағасының м.а. – Маенлаева Индира Якубовна.

**17) Облигациялардың оның иесіне ұсынатын құқықтары, мыналарды көрсету:**



**Шығарылым аңдатпасымен көзделген мерзімде Эмитенттен облигацияның атаулы құнын алу немесе басқадай мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ облигациялардың атаулы құнынан ол бойынша тіркелген пайызын алу құқығы немесе басқа мүліктік құқықтарды алу:**

Эмитенттің облигациялары иелерінің:

- Облигациялар шығарылымының осы Аңдатпасымен көзделген мерзімде облигациялардың атаулы құнын алуға;
- Облигациялар шығарылымының осы Аңдатпасымен көзделген мерзімде сыйақы алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте ақпарат алуға;
- Өзіне тиесілі облигацияларды еркін иеліктен айыруға және басқадай иелік етуге;
- Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңының 15- және 18-4 баптарында айқындалған жағдайларда орналастырылған акцияларды сатып алуды талап етуге;
- Ковенант бұзылған жағдайда облигациялар шығарылымының осы Аңдатпасының 50.4-тармақшасында көрсетілген «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың листингілік комиссиясымен ұсынылған орналастырылған облигацияларды сатып алуды талап етуге;
- Эмитенттің кінәсінен купон сыйақысын және/немесе оларды өтеу кезінде облигациялардың атаулы құнын төлемеген, сондай-ақ толық төлемеген жағдайда Эмитенттен облигациялар бойынша және/немесе есептелген сыйақының негізгі борышының сомасын төлеуді, сондай-ақ ақшалай міндеттемені немесе оның сәйкес бөлігін орындау күніне (яғни төлем жасалған кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнге) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне негізделіп есептелген, орындалмаған міндеттеменің сомасына әрбір мерзімі өткізілген күн үшін өсімпұлды талап етуге;
- Облигацияға меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

**Эмитенттің облигацияларды мерзімнен бұрын өтеуін талап ету құқығы – осы Аңдатпамен айқындалған осы құқықты іске асыру шарттары, тәртібі мен мерзімдері көрсетіледі, сондай-ақ облигациялар шығарылымының Аңдатпасымен көзделген шектеулерді (ковенант) бұзған кезде:**

Осы облигациялар иелерінің талабы бойынша облигацияларды мерзімнен бұрын өтеу көзделмеген.

Осы Аңдатпада қарастырылған жағдайлар орын алған кезде, соның ішінде, «Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингілік комиссиясы кеңес берген ковенант бұзылған жағдайда облигация иелері Эмитенттен есептелген сыйақыны есепке алғандағы облигациялардың сәйкес атаулы бағасының құны бойынша облигациялардың өтемін төлеуді талап етуге құқылы. Облигациялардың өтемін төлеу осы Аңдатпаның 7.15. және 7.19-тармақтарында көрсетілген мерзімде облигация иелеріне ақшалай қаражат аудару жолымен жүзеге асады.

**Егер сыйақының және (немесе) негізгі борыштың төлемі облигациялар шығарылымының Аңдатпасына сәйкес басқа мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібі мен аталған құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқығы бар тұлғалардың, сондай-ақ осы құқықтардың өтуін іске асыру тәртібінің сипаттамалары:**

Сыйақының және (немесе) негізгі борыштың төлемі облигациялар шығарылымының осы Аңдатпасына сәйкес ақшалай қаражатпен ғана жүргізілетін болады.

**18) Қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпараттың мазмұнын, осы ақпаратты ашу тәртібін, мерзімін және тәсілін көрсетіп, Эмитенттің облигациялар иелерін хабардар ету, оның ішінде облигациялар шығарылымының аңдатпасымен көзделген шектеулерді бұзушылық (ковенант) туралы хабардар ету тәртібі:**

Эмитенттің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы, оның ішінде ағымдағы қызметі туралы, облигациялар иелерінің мүдделерін едәуір қозғайтын оқиғалар туралы ақпарат және қаржылық есептілігі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында, қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында [www.dfo.kz](http://www.dfo.kz) және Эмитенттің сайтында – [pavlodarenergo@energo.kz](mailto:pavlodarenergo@energo.kz) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен және мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартпен белгіленген тәртіпте және мерзімде орналастырылады.

**19) Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар көрсетіледі:**

Облигациялар бойынша дефолт – бұл эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржылық құралдар бойынша міндеттемелерді орындамау.

Қоғамның облигациялар бойынша дефолт оқиғасы оларды өтеу және соңғы купон сыйақысы төлеу кезінде Аңдатпамен белгіленген облигациялар шығарылымының сыйақы және /немесе негізгі борышын төлеу мерзімінен кейінгі күннен бастап, Қоғамның кінәсінен купон сыйақысын және /немесе облигациялардың атаулы құнын төлемеу немесе толық төлемеу болып табылады.

Облигациялар бойынша дефолт – облигацияларды өтеу кезіндегі купон сыйақысын және/немесе облигацияның атаулы бағасын және сыйақыны және/немесе негізгі қарызды төлеудің осы Аңдатпамен бекітілген мерзімі аяқталған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде соңғы купон сыйақысын мүлде төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда басталады. Көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін Эмитент өз міндеттерін орындамаған жағдайда облигация иелерінің барлық құқықтары мен олардың мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Облигацияларды өтеу кезінде Эмитенттің кінәсінен купон сыйақысы және/немесе облигациялардың атаулы бағасы мүлде төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда Эмитент қаражат міндетін немесе оның сәйкес бөлігін орындау күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесімен есептелетін, міндеттерді орындауды кешіктірген әр күн үшін өсімпұл төлеуге міндетті.

Осы Аңдатпа бойынша бекітілген өз міндеттерін бой бермейтін күш салдарынан атқармаған жағдайда Эмитент міндеттерін толық немесе жартылай атқармау жауапкершілігінен босатылады. Бой бермейтін күш жағдайлары деп орын алуын болжай немесе көре алмайтын жағдайлар (стихиялық құбылыстар, әскери әрекеттер және т.б.) танылады. Бой бермейтін күш жағдайы орын алған кезде Эмитенттің осы Аңдатпа бойынша өз міндеттерін орындау мерзімі сол жағдай мен оның салдарлары аяқталғанға дейін жылжытылады.

**Облигациялар бойынша дефолт орын алған кезде қолданылатын шаралар, облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттерін орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайда облигациялар иелерінің құқықтарын қорғау рәсімі, соның ішінде, міндеттерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары көрсетіледі:**

Облигациялар бойынша дефолт орын алған кезде Эмитент төлем қабілетін қалпына келтіруге және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген қайта ұйымдастыру, ұйымдастырушылық-шаруашылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және өзгелерді де қоса алғанда, облигациялар бойынша қарыздарды өтеуге бағытталған шаралар қабылдайды, мысалы:

- әкімшілік шығындарды азайту, соның ішінде, қызметкерлердің штаттық санын қысқарту жолымен;
- қолында бар активтерді сату;
- ағымдағы қарызды қайта қаржыландыру мақсатында несие берушілермен келіссөздер жүргізу;
- Эмитенттің қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті көлемде өз капиталын көбейту мақсатында Эмитенттің акционерлеріне жүгінуі;
- облигация иелерімен есептесу үшін қосымша қаржы жұмылдыру;

- қайта құрылымдау жоспарына сәйкес және несие берушілермен келісу бойынша міндеттерді қайта құрылымдау.

**Эмитенттің орындалмаған міндеттер көлемін, міндеттердің орындалмау себебін, сондай-ақ, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация иелерінің мүмкін болатын әрекеттерін, облигациялар бойынша міндеттерді Эмитент дұрыс атқармаған немесе мүлде атқармаған жағдайда Эмитент міндеттері бойынша ортақ немесе жәрдем қаражат жауапкершілігіне ие тұлғаларға, Эмитентке талаптарымен жүгіну тәртібін қамтитын дефолт фактілері туралы облигациялар иелеріне жеткізетін ақпаратының жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі көрсетіледі:**

Облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда Эмитент облигацияларды атаулы бағасы және/немесе купон сыйақысын төлеу үшін осы Аңдатпада бекітілген мерзімнің аяқталуына дейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми сайтында, қаржы есептілігі депозитариясының [www.dfo.kz](http://www.dfo.kz) ресми сайтында және хабарландырулар жариялау жолымен міндеттерді осы Аңдатпада көрсетілген шарттар бойынша орындау мүмкін еместігі туралы облигациялар иелерін хабардар етуге міндетті, сондай-ақ, хабардар ету үшін келесі ақпаратты қамтитын сәйкес хабарламаны Эмитенттің ресми сайтында [pavlodarenergo@energo.kz](mailto:pavlodarenergo@energo.kz) жариялайды:

- дефолт күніне дейін Эмитенттің орындамаған міндеттерінің көлемі туралы;
- міндеттерді орындамау себептері туралы;
- Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиесілі түрде орындамаған жағдайда талаппен Эмитентке жүгіну мерзімдері мен тәртібін қоса көрсетумен өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация иелерінің мүмкін әрекеттері туралы;
- Эмитент Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге ақпаратты.

**Эмитенттің дефолт болған жағдайда облигациялар иелерінің өз талаптарын қанағаттандыру бойынша мүмкін іс-әрекеттері:**

Осы Аңдатпамен көзделген мерзімде облигацияларды Эмитент купон сыйақысын және /немесе негізгі борыш бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиесілі түрде орындамаған жағдайда облигациялар иелерінің құқықтары:

- Міндеттемелерін орындау туралы Эмитентке жазбаша талап жолдау.
- Міндеттемелерін орындау туралы жазбаша талап алған күннен бастап, Эмитент 30 күнтізбелік күннің ішінде қарыз сомасын қайтарып беруге міндетті.
- Егер Эмитент облигациялар өз міндеттемелерін орындауы туралы жазбаша талап алған сәттен бастап көрсетілген мерзімнің (30 күнтізбелік күн) ішінде бұл талапты қанағаттандырмаса немесе аталған мерзім аяқталғанға дейін облигациялар иелері Эмитенттен оны қанағаттандырудан бас тартатыны туралы жауап алғанда, ол эмитентке оның міндеттемелері бойынша талапты сотқа жолдауға құқылы.

Дефолт орын алған жағдайда облигациялар иелері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес облигацияларды Эмитенттен купон сыйақысын және/немесе негізгі борышты уақытылы төлемегені үшін пайыздарды төлеуін талап етуге құқылы.

**Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе жәрдем қаражат жауапкершілігіне ие тұлғаларға талаппен жүгіну тәртібі:**

Ортақ немесе жәрдем қаражат жауапкершілігіне ие тұлғалар жоқ. Эмитент облигацияларды орналастыру арқылы ақшалай қаражат тартумен байланысты өз міндеттемелері бойынша дербес жауапкершілік көтереді.

**Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиесілі түрде орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе жәрдем**

**қаражат жауапкершілігіне ие тұлғалармен жасалған шарттың күні және нөмірі, сондай-ақ заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі көрсетіледі:**

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиесілі түрде орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе жәрдем қаражат жауапкершілігіне ие тұлғалармен шарттар жасау көзделмеген.

**Ақпаратты ашып көрсетуді Эмитент өзге заңды тұлғаға тапсырған кезде сол тұлғаның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері көрсетіледі.**

Көрсетілген ақпаратты ашып көрсетуді Эмитент өзге заңды тұлғаға тапсырмайды.

**Эмитент міндеттері бойынша ортақ немесе жәрдем қаражат жауапкершілігіне ие тұлғаларға, Эмитентке талаптармен жүгіну тәртібі.**

Ортақ және жәрдем жауапкершілігіне ие тұлғалар жоқ. Облигацияларды орналастыру арқылы ақшалай қаражатты жұмылдырумен байланысты міндеттеріне Эмитент өзі жауап береді.

**Облигациялар бойынша Эмитент міндеттерін орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайда өз қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша облигация иелерінің мүмкін болатын әрекеттері.**

Осы шығарылым облигациялары бойынша дефолт орын алған жағдайда облигация иелерінің талаптары осы Аңдатпамен және Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасымен анықталған тәртіпте және шарттарда жүзеге асады.

**20) Опциондар туралы ақпарат:**

Осы шығарылымның облигациялары бойынша опциондар көзделмеген.

**21) Эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымының Аңдатпасына инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша шектеулерді енгізу бойынша Қор биржасының листингтік комиссиясының ұсыныстары:**

Эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымының Аңдатпасына қосымша шектеулер енгізу бойынша Қор биржасының листингтік комиссиясының ұсыныстары жоқ.

**47. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлеудің әр кезеңі аралығында негізгі қарыз сомасын өтеу және сыйақылар төлеу үшін қажетті Эмитенттің ақшалай қаражатының көзі мен ағыны туралы болжам:**

Эмитент негізгі қарыз сомасын өтеу және купон сыйақысын төлеу үшін ақшалай қаражат ағынын негізгі қызметтен келеді деп болжап отыр. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлеудің әр кезеңі аралығында негізгі қарыз сомасын өтеу және сыйақылар төлеу үшін қажетті Эмитенттің ақшалай қаражатының көзі мен ағыны туралы болжам облигациялар шығарылымының осы Аңдатпасының №2 Қосымшасында ұсынылған.

**48. Айырбасталымды облигациялар:**

Осы шығарылым айырбасталымды болып табылмайды.

**49. Облигацияларды орналастыру тәсілі:**

**1) Облигацияларды орналастыру басталған күні және аяқталған күні, оның ішінде ұйымдаспаған рынокта:**

облигацияларды орналастыру басталған күні - облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізген күні;

- облигацияларды орналастыру аяқталған күні – облигациялар олардың барлық айналым мерзімі ішінде «Қазақстан қор биржасы» АҚ ережелеріне сәйкес бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында орналастырылады.

**2) Жазулы арқылы акцияларға айырбасталатын облигацияларды орналастыру кезінде айырбастау шарттары көрсетіледі:** облигациялардың осы шығарылымы айырбасталымды емес.

### **3) Облигацияларды орналастыруға қатысқан ұйымдар туралы мәлімет:**

«Инвестиционный Дом «Астана-Инвест» АҚ, ұйымның орналасқан жері – 050002, Алматы қ., Медеу ауданы, Қонаев көшесі, 32, 5 -қабат; Андеррайтингтік қызметтер көрсету туралы 2016 жылғы 23 мамырдағы №07/001-шарт.

### **50. Эмитент қабылдайтын және заңмен көзделмеген шектеулер (ковенанттар) (егер олар Эмитент органының облигациялар шығарылымы туралы шешімімен көзделген болса):**

50.1. Облигациялар шығарылымының осы Аңдатпасымен белгіленген облигациялар айналымының ішінде Эмитент мынадай шарттарды сақтауға тиіс:

50.1.1. иеліктен шығару күнінде Эмитент активтерінің құрамына енетін, Эмитент активтерінің жалпы бағасының жиырма бес пайызынан астам сомаға тең мүлікті иеліктен шығармау;

50.1.2. облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күнінде Эмитент активтерінің жалпы бағасының он пайызынан астам Эмитент облигацияларының шығарылымымен байланысты емес міндеттердің орындалмау фактілеріне жол бермеу;

50.1.3. Эмитент қызметінің негізгі түрлерінің өзгеруін қарастыратын Эмитенттің құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізбеу;

50.1.4. ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын өзгертпеу.

50.2. Эмитент осы Аңдатпаның 7.14- тармағында көрсетілген шарттарды бұзған жағдайда облигациялар иелерінің талабы бойынша Эмитент жиналған сыйақыны есепке ала отырып, облигацияларды атаулы бағаға сәйкес құнға 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде сатып алуы керек.

Эмитент осы тармақта көзделген шарттарды орындамаған және шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда өтемін төлеу рәсімі облигациялар иелерінің арыздары негізінде ғана жүргізіледі. Өтемді төлеуге арыз жазбаған облигация иелері өздеріне тиесілі облигацияларды осы аңдатпада көрсетілген, шығарылым айналымының мерзімі аяқталған соң өтей алады.

Облигацияларды ұстаушы шектеулер бұзылған (ковенант) және жоғарыда қарастырылған өзге де жағдайлардан кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде облигациялар ұстаушының деректемелерін көрсету арқылы (заңды және нақты мекенжайы, телефоны, электронды мекенжайлары, банк деректемелері, СТН/БСН, жеке тұлға үшін жеке куәлігінің деректері) ерікті нысанда арыз береді.

### **50.3. Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 18-4 тармағына сәйкес жарияланған облигацияларды сатып алуды Эмитент мына жағдайларда жүргізуі тиіс:**

50.3.1. Эмитенттің органы облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдағанда;

50.3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және қор биржасының ішкі құжаттарымен тізбесі анықталған ақпаратты ұсыну бөлігінде арнайы (листингілік) талаптарды орындамау себебінен эмитент облигацияларының делистингі туралы Қор биржасының шешім қабылдауы;

50.3.3. Облигациялар ұстаушылардың бұрынғы өкілімен жасалған шарт бұзылған немесе тоқтатылған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен асатын мерзімде облигациялар иелерінің өкілімен Эмитенттің шарт жасамауы.

50.4.4. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-4-тармағында көрсетілген жағайлар басталған кезде Эмитент жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, орналастырылған облигацияларды олардың атаулы құнына сәйкес келетін бағаға немесе қандай шама неғұрлым үлкен болуына байланысты облигациялардың әділ бағасына сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

### **50.4. «Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингілік комиссиясы ұсынған ковенанттар:**

50.4.1. Облигациялар Эмитенті мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингілік шартпен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу.

50.4.2. Облигациялар Эмитенті мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингілік шартпен белгіленген жылдық қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу.

50.5. Облигациялар шығарылымының осы Аңдатпасының 7.18 –тармағымен көзделген шарттарды Эмитент бұзған жағдайда Эмитент бұзушылық басталған күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде өзінің ресми сайтында ([pavlodarenergo@energo.kz](mailto:pavlodarenergo@energo.kz)), сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында, қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында [www.dfo.kz](http://www.dfo.kz) аталған ковенанттардың бұзушылығы туралы хабарлама жариялауға міндеттенеді. Егер Эмитент осы хабарламаны жариялаған күннен бастап үш ай өткеннен кейін Эмитент аталған ковенанттардың бұзушылығын жоймаса, Эмитент облигациялар иелерінің талап қойған сәтінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, облигацияларды олардың атаулы құнына сәйкес бағаға сатып алуға міндетті.

Эмитент шектеулерді бұзған (ковенант) жағдайда сатып алу рәсімі облигациялар ұстаушылардың берген өтініштің негізінде ғана жүргізілетін болады. Сатып алуға өтініш бермеген облигация иелері облигациялар шығарылымының осы Аңдатпасында көрсетілген айналым мерзімі аяқталған соң өзіне тиесілі облигациялардың өтеміне құқығы бар.

Облигация ұстаушылар Эмитенттің ковенант бұзушылығы туралы хабарлама жариялаған сәттен бастап үш ай өткен соң 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде еркін нысанда өзінің деректемелері (заңды және нақты мекенжайы, телефоны, электронды мекенжайлары, банк деректемелері, ЖСН/БСН, жеке тұлға үшін жеке басы куәлігінің деректері) көрсетілген өтініш береді.

#### **51. Облигацияларды орналастырудан түсетін ақшаны пайдалану:**

Облигацияларды орналастыру кезінде алынған ақшалай қаражатты Эмитент айналымдық қаражатты толтыруға бағыттауды жоспарлап отыр.

Облигацияларды орналастырғаннан түскен ақшаны жоспарлап бөлуде аталған мақсат өзгерген жағдайда Эмитент облигациялар шығарылымының осы Аңдатпасына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін болады.

### **8. Қосымша ақпарат**

#### **52. Эмитенттің облигациялар шығарылымына жұмсалған шығындарының сомасы және осы шығындар қалай төленетіні туралы мәлімет.**


Эмитенттің облигацияларды шығару және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздардың ішкі рыногында орналастыру бойынша шығындары мыналарды төлеуден тұрады:

- жасалған шарттың талаптарына сәйкес қаржы консультантының қызметтері үшін;
- бекітілген тарифтерге сәйкес «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеушісі» АҚ қызметтері үшін;
- борышқорлық бағалы қағаздарды ресми тізімге енгізу мүмкіншілігі туралы алдын ала қорытынды беру үшін листингілік алым – 100 АЕК;
- облигациялардың жиынтық атаулы құнынан 0,025% қарау және кіру үшін алымның листингілік алымы, бірақ АЕК-тің 3000 есе мөлшерінен көп емес;
- облигациялардың жиынтық атаулы құнынан 0,025% жыл сайынғы листингілік алым, бірақ АЕК -тің 2000 есе мөлшерінен көп емес;
- басқа мүмкін болатын үстеме шығыстар.

Облигациялар шығарылымы Аңдатпасының осы тармағында көрсетілген шығыстарды Қоғам есептерді құру фактісі бойынша төлейтін болады.


#### **53. Эмитент жарғысының көшірмесімен, облигациялар шығарылымының аңдатпасымен, Эмитенттің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарында облигацияларды орналастыру қорытындысы туралы есеппен инвесторлар таныса алатын орындар туралы ақпарат:**

Әлеуетті инвесторлар Қоғам Жарғысының көшірмесімен, Облигациялар шығарылымының осы Аңдатпасымен және өзге де қызықтыратын ақпаратпен Қоғамның тұрған жері бойынша: Қазақстан Республикасы, Павлодар қ., 140000, Кривенко көш., 27 тел.: +7 (318) 239-95-06, факс: +7 (318) 232-97-88, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында таныса алады.

<b>Бас директор</b>		<b>Перфилов О.В.</b>
<b>Бас бухгалтер</b>		<b>Беликова С.Н.</b>



«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-тың ұйымдастырушылық құрылымы





Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлеудің әр кезеңі аралығында негізгі қарыз сомасын өтеу және сыйақылар төлеу үшін қажетті Эмитенттің ақшалай қаражатының көзі мен ағыны туралы болжам (мың теңге)

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ облигацияларының екінші шығарылымы проспектісіне «№2 қосымша»

Бап	1 - жартыжылд ық 2017	2 - жартыжылд ық 2017	1 - жартыжылд ық 2018	2 - жартыжылд ық 2018	1 - жартыжылд ық 2019	2 - жартыжылд ық 2019	1 - жартыжылд ық 2020	2 - жартыжылд ық 2020	1 - жартыжылд ық 2021	2 - жартыжылд ық 2021	1 - жартыжылд ық 2022	2 - жартыжылд ық 2022	1 - жартыжылд ық 2023	2 - жартыжылд ық 2023	1 - жартыжылд ық 2024	2 - жартыжылд ық 2024	1 - жартыжылд ық 2025	2 - жартыжылд ық 2025	1 - жартыжылд ық 2026	2 - жартыжылд ық 2026	
<b>Операциялық қызмет</b>																					
<b>Қаражаттың түсімі, барлығы</b>	<b>28 076 989</b>	<b>24 898 462</b>	<b>29 236 025</b>	<b>25 926 286</b>	<b>33 237 055</b>	<b>29 474 370</b>	<b>35 406 088</b>	<b>31 397 852</b>	<b>36 618 348</b>	<b>32 472 875</b>	<b>37 848 185</b>	<b>33 563 484</b>	<b>39 132 370</b>	<b>34 702 291</b>	<b>40 482 831</b>	<b>35 899 869</b>	<b>41 896 603</b>	<b>37 153 591</b>	<b>43 382 222</b>	<b>38 471 027</b>	
өнімді сатудан	26 970 936	23 917 623	27 955 893	24 791 075	31 829 310	28 225 992	33 986 417	30 138 898	35 329 130	31 329 606	36 474 492	32 345 305	37 655 323	33 392 457	38 881 635	34 479 940	40 145 302	35 600 551	41 448 621	36 756 324	
жұмыс капиталындағы өзгеріс	583 030	517 026	609 246	540 274	190 505	168 939	-46 896	-41 587	306 143	271 486	-673 951	-597 654	-3 674 506	-3 258 524	-4 817 289	-4 271 936	552 128	489 623	754 749	669 306	
басқалар (қызметтің басқа түрлерінен келген ақшалай түсім)	523 024	463 813	670 886	594 936	1 217 240	1 079 439	1 466 567	1 300 541	983 075	871 784	2 047 643	1 815 834	5 151 553	4 568 358	6 418 486	5 691 865	1 199 172	1 063 417	1 178 852	1 045 397	
<b>Қаражаттың шығуы, жиынтығы</b>	<b>16 636 899</b>	<b>20 333 988</b>	<b>17 969 257</b>	<b>23 353 970</b>	<b>20 210 814</b>	<b>25 996 752</b>	<b>21 310 657</b>	<b>27 372 236</b>	<b>21 858 925</b>	<b>28 098 898</b>	<b>22 851 207</b>	<b>29 459 304</b>	<b>23 891 245</b>	<b>30 229 044</b>	<b>24 987 138</b>	<b>31 949 541</b>	<b>26 220 238</b>	<b>33 304 627</b>	<b>27 313 365</b>	<b>34 744 142</b>	
Жеткізушілерге тауар және қызметтер үшін төлемдер	10 285 189	12 570 787	11 612 213	14 192 705	13 072 153	15 977 076	13 921 472	17 015 133	14 306 271	17 485 443	15 131 396	18 493 928	16 020 215	19 580 263	16 946 089	20 711 886	17 993 011	21 991 458	19 028 549	23 257 115	
Жалақы бойынша төлемдер	2 584 532	3 158 872	2 744 325	3 354 175	2 919 419	3 568 179	3 079 325	3 763 620	3 220 657	3 936 359	3 368 942	4 117 596	3 527 978	4 311 974	3 694 857	4 515 936	3 869 972	4 729 965	4 044 179	4 942 885	
Бюджетке өзге төлемдер	2 108 950	2 577 605	2 143 867	2 620 282	2 423 805	2 962 429	2 596 816	3 173 886	2 673 483	3 267 591	2 770 586	3 386 272	2 844 761	3 476 930	2 922 900	3 572 434	2 992 972	3 658 077	3 069 653	3 751 798	
ІТС жабуға қаражаттың шығасы	0	0	1 391 545		1 294 646		1 325 877		1 382 433		1 530 051		1 028 634		1 409 705		1 257 670		1 361 140		
басқа шығыстар	867 754	1 060 588	879 456	1 074 891	1 047 356	1 280 101	1 078 748	1 318 470	1 108 221	1 354 493	1 139 146	1 392 289	1 172 020	1 432 469	1 206 517	1 474 631	1 242 716	1 518 875	1 099 523	1 343 862	
қарыздар бойынша %	790 475	966 136	589 395	720 371	748 081	914 321	634 296	775 250	550 292	672 579	441 137	539 168	326 270	398 775	216 776	264 948	121 567	148 582	71 462	87 342	
<b>Операциялардан түскен жиынтығы</b>	<b>11 440 090</b>	<b>4 564 474</b>	<b>11 266 768</b>	<b>2 572 316</b>	<b>13 026 241</b>	<b>3 477 617</b>	<b>14 095 431</b>	<b>4 025 615</b>	<b>14 759 423</b>	<b>4 373 977</b>	<b>14 996 978</b>	<b>4 104 180</b>	<b>15 241 125</b>	<b>4 473 246</b>	<b>15 495 693</b>	<b>3 950 328</b>	<b>15 676 365</b>	<b>3 848 964</b>	<b>16 068 856</b>	<b>3 726 884</b>	
<b>Инвестициялық қызмет</b>																					
<b>Инвестициялардан жылыстау, оның ішінде</b>	<b>-5 294 483</b>	<b>-6 471 035</b>	<b>-5 235 701</b>	<b>-6 399 190</b>	<b>-5 869 179</b>	<b>-7 173 441</b>	<b>-6 263 384</b>	<b>-7 655 247</b>	<b>-4 469 870</b>	<b>-5 463 175</b>	<b>-4 740 770</b>	<b>-5 794 275</b>	<b>-5 861 720</b>	<b>-7 164 325</b>	<b>-5 383 858</b>	<b>-6 580 271</b>	<b>-5 646 838</b>	<b>-6 901 691</b>	<b>-5 327 477</b>	<b>-6 511 361</b>	
НҚ-дағы инвестициялар (ЖК, акцияларды сатып алу)																					
Күрделі шығындар	-5 294 483	-6 471 035	-5 235 701	-6 399 190	-5 869 179	-7 173 441	-6 263 384	-7 655 247	-4 469 870	-5 463 175	-4 740 770	-5 794 275	-5 861 720	-7 164 325	-5 383 858	-6 580 271	-5 646 838	-6 901 691	-5 327 477	-6 511 361	
Активті сатудан келген ақшалай түсім																					
<b>Инвестициялардан түскен жиынтығы</b>	<b>-5 294 483</b>	<b>-6 471 035</b>	<b>-5 235 701</b>	<b>-6 399 190</b>	<b>-5 869 179</b>	<b>-7 173 441</b>	<b>-6 263 384</b>	<b>-7 655 247</b>	<b>-4 469 870</b>	<b>-5 463 175</b>	<b>-4 740 770</b>	<b>-5 794 275</b>	<b>-5 861 720</b>	<b>-7 164 325</b>	<b>-5 383 858</b>	<b>-6 580 271</b>	<b>-5 646 838</b>	<b>-6 901 691</b>	<b>-5 327 477</b>	<b>-6 511 361</b>	
<b>Қаржы қызметі</b>																					
<b>Қаржыландырудан түскен ақшалай түсім</b>	<b>6 571 205</b>	<b>8 031 472</b>	<b>1 347 032</b>	<b>1 646 372</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
Қарыздарды тарту:																					
банк қарыздары	1 421 073	1 736 868	563 227	688 389	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
облигациялық қарыз	4 500 000	5 500 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
өзге көздер	650 131	794 605	783 805	957 983	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
<b>Қаржыландырудан жылыстау</b>	<b>2 556 677</b>	<b>11 024 247</b>	<b>2 416 458</b>	<b>3 653 449</b>	<b>1 744 840</b>	<b>3 132 582</b>	<b>1 939 457</b>	<b>3 370 448</b>	<b>2 129 584</b>	<b>3 602 825</b>	<b>2 246 000</b>	<b>3 745 111</b>	<b>2 224 372</b>	<b>3 718 676</b>	<b>2 096 574</b>	<b>3 562 479</b>	<b>1 572 506</b>	<b>2 921 952</b>	<b>915 612</b>	<b>11 719 082</b>	
Дивиденділердің төлемі	257 644	314 898	470 593	575 170	394 548	482 225	589 165	720 090	722 969	883 629	739 143	903 397	717 514	876 962	724 581	885 599	657 514	803 628	606 119	740 812	
Банк қарыздарын өтеу	1 965 151	2 401 851	1 945 865	2 378 279	1 350 292	1 650 357	1 350 292	1 650 357	1 406 615	1 719 196	1 506 857	1 841 715	1 506 857	1 841 715	1 371 992	1 676 880	914 992	1 118 324	309 493	378 269	
Облигациялар бойынша пайыздардың төлемі	333 882	408 078	700 000		1 000 000		1 000 000		1 000 000		1 000 000		1 000 000		1 000 000		1 000 000		1 000 000		600 000
Облигацияларды өтеу		7 899 420	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	10 000 000
басқа көздер																					
<b>Қаржыландырудан түскен жиынтығы</b>	<b>4 014 528</b>	<b>-2 992 775</b>	<b>-1 069 427</b>	<b>-2 007 077</b>	<b>-1 744 840</b>	<b>-3 132 582</b>	<b>-1 939 457</b>	<b>-3 370 448</b>	<b>-2 129 584</b>	<b>-3 602 825</b>	<b>-2 246 000</b>	<b>-3 745 111</b>	<b>-2 224 372</b>	<b>-3 718 676</b>	<b>-2 096 574</b>	<b>-3 562 479</b>	<b>-1 572 506</b>	<b>-2 921 952</b>	<b>-915 612</b>	<b>-11 719 082</b>	
<b>Қызметтен түскен ақшалай қаражаттың көбеюі/азыюы жиынтығы</b>	<b>10 160 135</b>	<b>-4 899 336</b>	<b>4 961 641</b>	<b>-5 833 951</b>	<b>5 412 222</b>	<b>-6 828 406</b>	<b>5 892 590</b>	<b>-7 000 079</b>	<b>8 159 969</b>	<b>-4 692 022</b>	<b>8 010 207</b>	<b>-5 435 206</b>	<b>7 155 034</b>	<b>-6 409 755</b>	<b>8 015 261</b>	<b>-6 192 421</b>	<b>8 457 021</b>	<b>-5 974 679</b>	<b>9 825 767</b>	<b>-14 503 558</b>	
Жылдың басындағы ақша	1 139	10 161 274	5 261 938	10 223 579	4 389 628	9 801 850	2 973 445	8 866 034	1 865 955	10 025 924	5 333 901	13 344 108	7 908 903	15 063 936	8 654 181	16 669 443	10 477 022	18 934 042	12 959 363	22 785 130	
Жылдың аяғындағы ақша	10 161 274	5 261 938	10 223 579	4 389 628	9 801 850	2 973 445	8 866 034	1 865 955	10 025 924	5 333 901	13 344 108	7 908 903	15 063 936	8 654 181	16 669 443	10 477 022	18 934 042	12 959 363	22 785 130	8 281 571	

В данной книге проанализировано

22 (двадцать два) листов  
Генеральный директор АО "ПАВЛОДАРЭНЕРГО"

О.В. Перфилов



Республика Казахстан  
Республиканские масштабы

*Perfilov*

ТИРКЕДІ

2018 ж. 4 кв. шеге







# СВИДЕТЕЛЬСТВО

## о государственной регистрации выпуска ценных бумаг

20 июля 2016 года

г. Алматы

Ф36

Национальный Банк Республики Казахстан произвел государственную регистрацию второго выпуска облигаций акционерного общества «Павлодарэнерго» (Республика Казахстан, 140000, город Павлодар, ул.Кривенко, 27), перерегистрированного Департаментом юстиции Павлодарской области 13 декабря 2003 года за номером 10539-1945-АО.

Выпуск разделен на 100.000.000 (сто миллионов) **купонных облигаций без обеспечения**, которым присвоен национальный идентификационный номер **KZ2C0Y10F369**.

Объем выпуска облигаций номинальной стоимостью 100 (сто) тенге составляет 10.000.000.000 (десять миллиардов) тенге.

Выпуск внесен в Государственный реестр эмиссионных ценных бумаг под номером **Ф36**.

Заместитель Председателя



Галиева Д.Т.

Серия С

№ 0001592





**Бағалы қағаздардың шығарылымын  
мемлекеттік тіркеу туралы  
КУӘЛІК**

2016 жылғы 20 шілде

Алматы қ.

F36

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Павлодар облысының Әділет департаменті 2003 жылдың 13 желтоқсанында 10539-1945-АҚ нөмірімен қайта тіркелген «Павлодарэнерго» (Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 27) акционерлік қоғамының екінші облигация шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізді.

Атаулы құны 100 (бір жүз) теңге болатын шығарылым көлемі 10.000.000.000 (он миллиард) теңге құрайды.

Шығарылым KZ2C0Y10F369 ұлттық бірегейлендіру нөмірі берілген 100.000.000 (бір жүз миллион) қамтамасыз етілмеген купондық облигацияларға бөлінген.

Шығарылым Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне F36 нөмірмен енгізілді.

Төраға орынбасары

Д.Т. Ғалиева



Серия С

№ 0001592